



Жеткізушінің мінез-құлық кодексі

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (MT-S) – V0.9

Күшіне ену күні: 2025 жылғы 20 қараша

1. Жалпы ережелер

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Mobile Telecom-Service LLP – бұдан әрі MT-S) - Қазақстан аумағында Tele2 және Altel екі брендімен қызмет көрсететін, бірыңғай мобильді байланыс операторы болып табылатын заңды тұлға. Tele2/Altel еліміз бойынша инновациялық әрі сапалы телекоммуникациялық қызметтер ұсынуға ұмтылады. Tele2 Kazakhstan мен Altel компанияларының стратегиялық интеграциясы нәтижесінде құрылған MT-S халықаралық тәжірибені жергілікті нарықтың терең түсінігімен үйлестіре отырып, жекеше және корпоративтік клиенттерге арналған мобильді дауыс, деректер және цифрлық қызметтердің кең ауқымын ұсынады. Компания 4G/5G желісін кеңейтуге және мобильді қаржылық қызметтер, фиксирленген сымсыз кеңжолақты интернет және цифрлық ойын-сауық сияқты жаңа бизнес-бағыттарын жетілдіруге ерекше назар аудара отырып, Қазақстанның цифрлық трансформациясының алдыңғы қатарында тұр.

Компанияның миссиясы - клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыратын, қолжетімді, сенімді және болашаққа бағытталған технологиялық шешімдер ұсыну арқылы адамдардың мүмкіндіктерін кеңейту және ұлттық экономиканың тұрақты дамуына үлес қосу.

Осы Жеткізушінің мінез-құлық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) MT-S компаниясының барлық Жеткізушілеріне қолданылатын жария корпоративтік стандарты болып табылады. Кодекстің сыртқы пайдалануға арналған нұсқасы Tele2 және Altel корпоративтік сайттарындағы «Сатып алулар» бөлімінде орналастырылады. Кодекстің қолданыстағы нұсқасы мен оның күшіне ену күні титулдық бетте көрсетіледі.

2. Осы Кодексте қолданылатын негізгі терминдер

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама - Қазақстан Республикасының нормалары (оның ішінде 18.11.2015 ж. № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс) сондай-ақ экстерриториялық актілер (Ұлыбританияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңы - UK Bribery Act, АҚШ-тың Шетелде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы - FCPA және басқалары), олар заңсыз сыйақыны уәде ету/ұсыну/беру/алу, «откаттар», әкішілік рәсімдерді жеңілдету/жеделдету үшін төлемдер, коммерциялық парақорлық және бұл әрекетке делдалдықты тыйым салатын нормалар жиынтығы.
2. АРДФР (ARDFM) - Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
3. Балалар еңбегі (Child Labour) - заңмен белгіленген жасқа толмаған тұлғалардың еңбегі (Қазақстанда, әдетте, 16 жас және одан жоғары, ҚР Еңбек кодексінде көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда).
4. ESG-есептілік (Environmental, Social, Governance) Компанияның қоршаған ортаға әсерін (E), әлеуметтік аспектілерді - қызметкерлер, қауіпсіздік, адам құқықтары (S), сондай-ақ корпоративтік басқаруды - этика, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ашықтық (G) бойынша ақпаратты қамтитын есеп.
5. ЕАЭО, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі (EAEU Customs Code) Одақ шеңберіндегі кедендік реттеудің ұлтүсті қағидалары.
6. Жеке деректерді қорғау (ПДн, Personal Data) Жеке тұлға туралы деректерді өңдеудің құқықтық режимі.
7. Ақпараттық қауіпсіздік, АҚ (Information Security) Ақпаратты қорғауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жиынтығы.
8. РЖ-сәулеленуді өлшеу (RF Exposure) Радиожиілік аймағындағы жұмыстар барысында санитарлық-техникалық талаптарды бақылау және сақтау.
9. Инновациялар және ҒЗТКЖ (НИОКР, R&D) Өнімдер мен процестерді жетілдіру, тиімділікті арттыруға бағытталған зерттеу-әзірлеу қызметі.
10. АҚ инциденті (Security Incident) Деректердің құпиялылығы, тұтастығы немесе қолжетімділігіне қатер төндіретін оқиға.
11. HSE - еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау.
12. Бұзушылық туралы хабарлау арнасы (Whistleblowing) Сәйкессіздік немесе ережелердің бұзылуы туралы анонимді әрі қауіпсіз түрде хабарлауға арналған арналар.

13. Киберқауіпсіздік (Cybersecurity) IT-жүйелер мен деректерді қауіп-қатерлерден және кибершабуылдардан қорғау.
14. Жеткізушінің мінез-құлық кодексі (Supplier Code of Conduct) МТ-S контрагенттері орындауға міндетті корпоративтік стандарттар жиынтығы.
15. Қақтығыс минералдары (3TG) Қарулы қақтығыстар аймақтарында өндірілген қалайы, тантал, вольфрам, алтын (кейде кобальт та қосылады).
16. Корпоративтік саяси аударымдар (Political Contributions) Саяси қызметті қаржыландыру; Қазақстанда әдетте шектеледі немесе тыйым салынған.
17. КУВ (Know Your Business - «Бизнес-контрагентті біліп-таны») немесе КУС (Know Your Customer - «Клиентіңді біл») Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді тексеру: тіркеу деректері, меншік құрылымы/бенефициарлары, іскерлік беделі, қаражат көздері, санкциялық талаптарға сәйкестігі.
18. Деректерді орналастыру (Data Localization) Жеке деректерді ҚР аумағында сақтау және өңдеу (заң талап еткен жағдайда).
19. LTIFR (Lost Time Injury Frequency Rate) Жұмыс уақытын жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігінің көрсеткіші.
20. МИИЦР (бұрынғы - МЦРИАП) Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.
21. Бизнес-үздіксіздігі (BCP) операциялардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және ақаулардан кейін қалпына келтіруді жоспарлау.
22. ОВОС (EIA) - ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес жүзеге асырылатын қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін бағалау рәсімі.
23. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі (OHS) Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған талаптарды сақтау.
24. РЕР-скрининг (Politically Exposed Persons Screening) - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары болуына байланысты саяси маңызды тұлғаларды, сондай-ақ олардың жақын туыстары мен тығыз байланысты тұлғаларын айқындап, олар бойынша күшейтілген тексеру және мониторинг шараларын қолдану.
25. Сыйлықтар мен ілтипат көрсету (Gifts & Hospitality) Іскерлік шешімдерге ықпал етпейтін, бекітілген шекті мәндерден аспайтын сыйлықтар мен қонақжайлық көрсету.
26. ПОД/ФТ (ақшаны заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл), AML/CFT Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (ақшаны жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруды болдырмауға бағытталған құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы - ішкі бақылау, операцияларды мониторингтеу, күмәнді транзакциялар туралы уәкілетті органға хабарлау.
27. Әлеуетті жеткізуші- Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер ҚР заңдарымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе консорциум, сатып алу жөніндегі шарт жасасуға талаптанушы тұлға.
28. Жеткізуші / Мердігер / Кеңесші / Серіктес / Орындаушы - Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға, заңды тұлға (егер ҚР заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе консорциум, Компаниямен сатып алу шарты бойынша шарттық қатынаста болатын контрагент.
29. Жеткізу тізбегінің қадағалануы (Traceability) Шикізат пен материалдардың шығу тегінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету.
30. Жеткізушілердің әртүрлілігі (Supplier Diversity) Әйел-кәсіпкерлерге немесе жеткілікті түрде ұсынылмаған басқа да топтарға (құқыққа сай және тексерілетін) бағытталған сатып алулар үлесі.
31. Қауіпсіз әзірлеу (Secure SDLC) Бағдарламалық жасақтаманы оның бүкіл өмірлік циклі бойында қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып әзірлеу тәжірибелері.
32. РЖ-сәулелену (RF) Байланыс жабдығының радиожиілік сәулеленуі; өлшеу мен бақылаудың нысаны.
33. Санкциялық скрининг немесе санкциялық комплаенс (Sanctions Screening / Sanctions Compliance) Клиенттерді, контрагенттерді және транзакцияларды санкциялық тізімдермен

сәйкестікке тексеру (мысалы, БҰҰ, ЕО, АҚШ/OFAC, Ұлыбритания/УК және т.б.); сәйкестік анықталған жағдайда операцияларды бұғаттау немесе одан бас тарту мақсатында жүргізіледі.

34. ЖҚҚ (PPE) Жеке қорғану құралдары.

35. Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім (SLA) Қызмет көрсету көрсеткіштерінің мақсатты деңгейлері және олар бұзылған жағдайда жауапкершілік.

36. GSMA/IEC/CE стандарттары - Салалық және техникалық талаптар (CE - белгісі барлық тауар санатына қолданылмайды).

37. Субмердігер - бұл Жеткізуші MT-S-пен жасалған келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін бөлек шарт негізінде тартатын кез келген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер. Жеткізуші субмердігердің және оның кейінгі деңгейдегі субмердігерлерінің (төменгі деңгейдегі мердігерлер) барлық әрекеттері мен нәтижелері үшін MT-S алдында толық көлемде жауап береді.

38. TRIR (Total Recordable Injury Rate) Тіркелетін жарақаттардың жалпы коэффициенті.

39. Деректерді сақтау және шифрлау (Encryption at Rest / In Transit) Деректерді сақтау кезінде және беру барысында қорғау.

40. Жеткізу тізбегі (Supply Chain) Барлық деңгейдегі жеткізушілер және олардың арасындағы өзара байланыстар жиынтығы.

41. БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары (SDGs) БҰҰ-ның жаһандық мақсаттары (оның ішінде 5, 8, 12, 13-мақсаттар).

42. Іскерлік этика (Ethical Business Conduct) Адалдық, ашықтық, мүдделер қақтығысының болмауы.

3. Кіріспе және мақсаты

Осы Кодекс MT-S компаниясымен Қазақстан аумағында іскерлік қатынас орнату барысында барлық әлеуетті жеткізушілердің, жеткізушілердің, мердігерлердің, субмердігерлердің, консультанттардың, үшінші тарап серіктестерінің және сатып алу шарттары бойынша өзге де орындаушылардың («Жеткізушілер») сақтауға міндетті этикалық, құқықтық, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын айқындайды.

Жеткізушілерден төмендегілер күтіледі:

- Осы Кодексті өздерінің шарттық міндеттемелерінің ажырамас бөлігі ретінде сақтау.
- Осы Кодекстің қағидаттарын өз қызметінің барлық салаларында және кеңейтілген жеткізу тізбектерінде ілгерілету.
- Тек талаптарды орындаумен шектелмей, орнықты дамуды қолдайтын озық тәжірибелер мен инновациялық тәсілдерді енгізу.

Телекоммуникациялар – цифрлық қоғамның негізгі қозғаушы күші. Осыған байланысты MT-S компаниясы Қазақстанның цифрлық трансформациясына үлес қосатын әрі халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін жауапты бизнес-практикаларын ұстанады, соның ішінде:

- БҰҰ Глобалдық шарты - The Ten Principles | UN Global Compact
- Бизнес және адам құқықтары саласындағы БҰҰ жетекшілік қағидаттары https://www.ohchr.org/en/publications/reference-publications/guiding-principles-business-and-human-rights?utm_source
- Көпұлтты кәсіпорындарға арналған ЭБДҰ (ОЭСР) жетекшілік қағидаттары https://www.oecd.org/en/publications/2023/06/oecd-guidelines-for-multinational-enterprises-on-responsible-business-conduct_a0b49990.html?utm_source
- ХЕҰ (ILO) негізгі конвенциялары https://www.ilo.org/international-labour-standards/conventions-protocols-and-recommendations?utm_source
- GSMA салалық стандарттары https://www.gsma.com/about-us/about-us/sustainability/?utm_source

сондай-ақ телеком саласындағы корпоративтік жауапкершілік жөніндегі халықаралық альянс (JAC) стандарттары https://jointallianceforcsr.org/?utm_source

Осы Кодекс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын (бұдан әрі – ҚР заңнамасы) алмастырмайды; қандай да бір қайшылықтар туындаған жағдайда басымдық заңнама нормаларына беріледі.

Осы Кодекске кеңейтілген талаптар мен практикалық құралдар қамтылған қосымша материалдар қоса беріледі (Приложение А: Жеткізушілерге арналған қосымша стандарттар; Приложение В: Жеткізуші сауалнамасы және контрагенттің адалдығын тексеру). Бұл қосымшалар жеткізушілерге қосымша ұсынымдар беруге және оларға стандарттарға сәйкестігін бағалауға әрі көрсетуге көмектесу үшін әзірленген.

4. Құқықтық және нормативтік талаптарды сақтау

Жеткізушілер төмендегілерді қамтамасыз етуге міндетті:

- Ұлттық нормаларды сақтау: Қазақстан Республикасының заңнамасын сөзсіз орындау, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Еңбек кодексін, Экологиялық кодексін, Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі қағидаларын, «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңын, Салық кодексін, Бәсекелестік туралы заңнаманы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы.
- Салалық сәйкестік: Уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен телекоммуникация саласындағы барлық міндетті талаптарды сақтау, оның ішінде: Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі (МИИЦР) және оның ведомстволық құрылымдары (оның ішінде Телекоммуникациялар комитеті), қажет болған жағдайда - Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (АРРФР), егер Жеткізушінің қызметі қаржылық сервис/шешімдерге жанама түрде қатысты болса. Инновациялық саясатқа қатысты - функциялары Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілген нормаларды, егер олар Жеткізушінің қызметіне қолданылатын болса, ескеру және сақтау.
- Халықаралық нормаларды сақтау: Халықаралық заңдарды, конвенцияларды және санкциялық реттеуді (мысалы, ЕО, АҚШ, Ұлыбритания) толық көлемде сақтау.
- Рұқсаттар мен сертификаттар: Қызметті жүзеге асыру үшін талап етілетін барлық лицензиялар, сертификаттар және рұқсат құжаттарына ие болу және оларды сұратылған жағдайда ұсыну.
- Сауда ережелерін сақтау: ЕАЭО Кеден кодексінің, Қазақстан Республикасының кедендік және сауда ережелерінің, сондай-ақ экспорттық бақылау талаптарының толық әрі бұлжымас орындалуын қамтамасыз ету.
- Салықтық міндеттемелер: Қызмет жүзеге асырылатын барлық юрисдикцияларда салықтарды ашық, дәл және заңға сәйкес төлеуді қамтамасыз ету.

5. Іскерлік этиканы сақтау

Жеткізушілер бизнес жүргізуді адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарына сүйене отырып жүзеге асыруға міндетті. Атап айтқанда:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: Парақорлықтың, сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың, әкімшілік рәсімдерді жеңілдеткені үшін берілетін қандай да бір сыйақылардың және откаттардың барлық түрлеріне тыйым салынады. Осы талаптарды сақтау сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Мүдделер қақтығысы: Жеке немесе қаржылық мүдделер МТ-S алдындағы міндеттемелермен қайшылыққа түсуі мүмкін жағдайларға жол бермеу қажет. Потенциалды мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, оны Жеткізуші дереу ашық түрде хабарлауы тиіс.
- Әділ бәсекелестік: Сыбайласып әрекет ету, тендерлерде алаяқтық жасау, баға бойынша келісімге келу және нарықты манипуляциялау әрекеттерінің кез келген түріне қатаң түрде тыйым салынады.

- Саяси жарналар: Корпоративтік қаражат, қызметтер немесе ресурстар Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделмесе, саяси мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс; жалпы ереже бойынша корпоративтік қаржыландыру шектеледі/тыйым салынады.
- Ақшаны жылыстату және алаяқтық (ПОД/ФТ): Жеткізуші Қазақстан Республикасының заңына сәйкес кірістерді заңдастыруды және терроризмді қаржыландыруды болдырмау үшін тиімді ішкі бақылауларды қамтамасыз етуге тиіс, оның ішінде базалық КҮС/КҮВ шаралары, санкциялық және PEP-скрининг, тәуекелге бағдарланған мониторинг және күдікті операциялар туралы міндетті хабарлау.
- Есеп жүргізу: кітаптар мен жазбалар дәл, толық және тексеруге/аудит жүргізуге қолжетімді болуы тиіс.
- Сыйлықтар және қонақжайлылық белгілері:
 - MT-S Жеткізушілерден компаниямен өзара іс-қимылды адал, ашық және объективті түрде жүргізуді, сондай-ақ олардың бейтараптығына күмән тудыруы немесе заңсыз ықпал ету әсерін қалыптастыруы мүмкін кез келген әрекеттерден аулақ болуды күтеді.
 - Жеткізушілер MT-S қызметкерлеріне (сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне) іскерлік шешімдерге ықпал етуге талпыныс ретінде қабылдануы мүмкін немесе іскерлік артықшылықтар алу мақсатында ұсынылатын кез келген сыйлықтарды, сыйақыларды, қызметтерді немесе басқа да артықшылықтарды ұсынбауға, бермеуге және қамтамасыз етпеуге тиіс.
 - Сыйлықтар мен қонақжайлылық көрсетуге мыналар жатады: ақшалай немесе материалдық емес құндылығы бар кез келген заттар мен қызметтер түсініледі; оның ішінде, басқалармен қатар ақша, сыйлық сертификаттары, іс-шараларға билеттер, сапар шығындарын өтеу, ойын-сауық, тамақтану немесе тұру шығындарын өтеу жатады.
 - Жеткізушілер төмендегі сипаттарға ие сыйлықтар мен қонақжайлылық көрсетуден аулақ болуы тиіс: (а) айтарлықтай материалдық құны бар немесе жалпыға ортақ іскерлік этиканың шегінен тыс; (b) тәуелділік немесе артықшылық көрсету әсерін тудыратын немесе тудыруы мүмкін; (с) MT-S қызметкерлерінің шешімдеріне ықпал ету, сондай-ақ олардың әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін сыйақы/ынталандыру ретінде ұсынылатын.
 - MT-S тек іскерлік қарым-қатынас аясында ұсынылатын немесе қабылданатын стандартты және құны бойынша қалыпты қонақжайлылық белгілеріне ғана жол береді, егер олар: (а) қолданыстағы заңнама мен этикалық нормаларға сәйкес келсе; (b) жүйелі сипатқа ие болмаса; (с) әрекетке немесе шешімге заңсыз ықпал ету мақсатында ұсынылмаса және іскерлік артықшылық алуға бағытталмаса.
 - Құны 50 (елу) АҚШ долларынан асатын кез келген сыйлықтар немесе қонақжайлылық белгілері MT-S компаниясының Қауіпсіздік дирекциясына жүгіну арқылы декларациялауға жатады.

6. Еңбек және адам құқықтары

Жеткізушілер халықаралық деңгейде танылған адам құқықтарын құрметтеуге, сондай-ақ барлық қызметкерлерге қауіпсіз, әділетті және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

➤ **Балалар еңбегі:** Балалар еңбегін пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады. Жұмысқа қабылдаудың ең төменгі жасы ХЕҰ-ның (ILO) №138 «Ең төменгі жас туралы» Конвенциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы тиіс. Жалпы талап ретінде - 16 жастан төмен емес. 15 және 14 жастағы тұлғаларды жұмысқа тартуға тек Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде тікелей көзделген жағдайларда және шектеулер көлемінде ғана жол беріледі.

➤ **Мәжбүрлі еңбек:** Қарыздық тәуелділікке негізделген еңбек, еріксіз/құлдық сипатындағы еңбек, түрме еңбегі, сондай-ақ адам саудасының құрбандарының еңбегін пайдалануға жол берілмейді. Қызметкерлер өзінің жеке басын куәландыратын құжаттарын өз иелігінде ұстауға құқылы және оларды жұмыс беруші немесе үшінші тұлға тартып ала алмайды.

➤ **Еңбек жағдайлары:**

- Еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазбаша еңбек шарты арқылы ресімделуге тиіс.
- Жалақы мөлшері, әлеуметтік төлемдер, жұмыс уақытының нормалары және үстеме жұмыс үшін ақы төлеу - Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген талаптарға толық сәйкес болуы қажет.
- Қызметкерлерге демалыс күндері, сондай-ақ ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы, оның ішінде: жүктілік және босану бойынша демалыс, бала күтімі бойынша демалыс берілуге тиіс.

➤ **Бірігу бостандығы:** Қызметкерлердің кәсіподақтарды еркін құру, оларға ерікті түрде кіру, сондай-ақ ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтары толық көлемде қамтамасыз етілуі тиіс. Аталған құқықтарды жүзеге асыруға кедергі келтіру, қысым көрсету, қудалау немесе кез келген нысанда репрессия жасауға қатаң түрде тыйым салынады.

➤ **Кемсітпеу:** Тең мүмкіндіктер жынысына, жасына, этникалық тегіне, мүгедектігіне, дініне, тіліне, саяси көзқарасына, жыныстық бағдарлануына немесе отбасылық жағдайына қарамастан қамтамасыз етілуі керек.

➤ **Қызметкерлерді қорғау:** Қудалау, кемсіту және гендерлік зорлық-зомбылықтың кез келген түріне нөлдік төзімділік қолданылады.

➤ **Мигранттар және агенттік қызметкерлер:** Жеткізушілер әділ жалдау практикасын қамтамасыз етуге, жұмысқа орналастыру үшін төлем алуға тыйым салуға және қажет болған жағдайда қауіпсіз тұрғын үй беруге тиіс.

➤ **Қызметкерлерді дамыту:** Оқытуға, дағдыларды дамытуға және мансаптық өсу мүмкіндіктеріне қолжетімділік ынталандырылуы тиіс.

7. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (HSE)

Жеткізушілер қауіпсіз, денсаулыққа зиянсыз және экологиялық жауапты жұмыс орындарын қамтамасыз етуге тиіс.

➤ **Жұмыс орнындағы қауіпсіздік:**

о Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі саласындағы талаптарын сақтау.

- Электрмонтаж жұмыстары, биіктікте жасалатын жұмыстар, РЧ-сәулеленуге қатысты жұмыстар кезінде санитариялық және техникалық нормаларға сәйкес өлшеулер мен бақылауларды жүргізе отырып, оқыту мен жеке қорғаныс құралдарын қамтамасыз ету; сондай-ақ өрт қауіпті жұмыстар (ҚР өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес) және қауіпті материалдармен жұмыс істеу барысында қажетті дайындық пен қорғаныс шараларын қамтамасыз ету.
- Жұмыс басталар алдында нақты объектіге тән тәуекелдерді бағалау.

➤ **Төтенше жағдайларға дайындық:** Тұрақты оқу-жаттығулар өткізу, эвакуация жоспарларын әзірлеу және алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін қамтамасыз ету.

➤ **Оқиғалар туралы есептілік:** Барлық жарақаттар, салдарсыз инциденттер және өліммен аяқталған жағдайлар тіркелуге, тергелуге және олардың қайталануына жол бермеу үшін тиісті шаралар қабылдануға тиіс.

➤ **Қоршаған орта:**

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қауіпсіздігі/еңбекті қорғау және қоршаған ортаға әсерді басқару бойынша жұмыс істейтін рәсімдерді (нұсқаулықтар, СИЗ қамтамасыз ету, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеу) қолдап отыру ұсынылады.
- Энергия тұтынуды және қоршаған ортаға шығарылатын ластаушы заттар мен қалдықтарды азайту бойынша шаралар көзделуге тиіс.

- Электрондық қалдықтарды, батареяларды және жанармайды басқару мен кәдеге жарату процестерін енгізу қажет.

➤ **Климаттың өзгеруіне қарсы шаралар:**

- Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатын қолдау.
- Экология мақсаттарын қолдау: негізгі ластау көздерін есепке алу және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары шегінде оларды мүмкіндігінше азайту.
- Энергия үнемдеу және қалдықтарды басқаруды қолдау: мүмкіндігінше энергия үнемдейтін шешімдерді қолдану және қалдықтарды азайту бойынша шаралар қабылдау (қайта пайдалану, бөлек жинау, лицензияланған ұйымдарға тапсыру).
- Қауіпсіздік көрсеткіштерін қолдау: негізгі HSE-көрсеткіштерді (мысалы, жарақаттар мен инциденттер жиілігі) және пайда болатын қалдықтардың көлемін бақылау әрі оларды кейіннен кәдеге жаратуға беру.

8. Өнім, қызмет және сапа стандарттары

Жеткізушілер сенімді, қауіпсіз және жоғары сапалы өнімдер мен қызметтер ұсынуға тиіс.

➤ **Сапа жүйелері:** Жеткізуші жеткізілімнің ауқымы мен тәуекелдеріне сәйкес келетін, құжатталатын сапаны қамтамасыз ету рәсімдерін қолдауға міндетті. MT-S сұратқан жағдайда Жеткізуші процестер сипаттамаларын, регламенттерді, ішкі тексерістер нәтижелерін, түзету шаралары жоспарларын, сапа метрикаларын және өзге де растайтын материалдарды ұсынуы тиіс.

➤ **Сәйкестік:** Өнім қолданылатын тауарларға қатысты болған жағдайда СЕ таңбалануы, IEC стандарттары және басқа да нормативтік және салалық талаптарға толық сәйкес болуы тиіс.

➤ **Иновациялар және тұрақты жетілдіру:** Жеткізушілер ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) инвестиция салуы және өз қызметінің тиімділігін арттыру бағытында жұмыс істеуі қажет.

➤ **Өнімнің өмірлік цикліне жауапты көзқарас:** Жеткізушілер жабдықтың қалпына келтіру, жөндеу және қайта өңдеу мүмкіндіктерін қолдауы және дамытуы тиіс.

➤ **Бизнес үздіксіздігі:** Жеткізушілер телекоммуникация қызметтерінің кідіріссіз және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін апаттық жағдайларда қалпына келтіру, резервтік көшіру және дағдарысқа ден қою жоспарларын әзірлеп, қолдап және тұрақты түрде жаңартып отыруы тиіс.

➤ **Қызмет көрсету стандарттары:** Жеткізушілер келісілген тиімділік көрсеткіштері (KPI) мен қызмет көрсету деңгейі туралы келісімдердің (SLA) талаптарын орындауы және кез келген ауытқуларды жою бойынша шаралар қабылдауы тиіс.

9. Деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік

Жеткізушілер MT-S ақпаратын қорғауды және алынған кез келген деректерді қауіпсіз өңдеуді қамтамасыз етуге міндетті.

➤ **Жалпы қағида:** MT-S, әдетте, Жеткізушілерге жеке деректерді ашпайды. Жеткізуші тарапынан жеке деректерді (ЖД) өңдеуге тыйым салынады, егер бұл шартта тікелей көрсетілмесе және ЖД қорғау туралы арнайы келісіммен/MT-S нұсқаулықтарымен реттелмесе.

➤ **Деректер туралы заңнама:** Жеткізуші Қазақстан Республикасының жеке деректерді қорғау және құпиялылық туралы қолданыстағы заңдарын, сондай-ақ MT-S-тің шарттық талаптарын сақтауға тиіс. Егер жеке деректер берілмесе, бұл Кодекс Жеткізушіге оларды өңдеу жөнінде міндет жүктемейді.

➤ **Ақпараттық қауіпсіздік (АҚ):** Жеткізуші ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың жеткілікті деңгейдегі жүйесін қолдауға және келесі талаптарды орындауға міндетті: өзекті қолжетімділік саясаты; ақпаратты жіктеу; ең төменгі артықшылық қағидасын сақтау; деректерді сақтау кезінде және беру кезінде шифрлау; кілттерді басқару; журнал жүргізу және мониторингті қамтамасыз ету.

- **Инциденттер және хабарлау:** Жеткізуші ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне әрекет ету жоспарына ие болуы тиіс; МТ-S ақпаратына әсер ететін кез келген қауіпсіздік бұзушылықтары туралы дереу хабарлауға және тергеу барысында МТ-S-пен ынтымақтаса әрекет етуге міндетті. Егер инцидент жеке деректерге қатысты болса - Жеткізуші Қазақстан Республикасының заңнамасына және МТ-S нұсқаулықтарына сәйкес әрекет етуі тиіс.
- **Даму процесі және осалдықтар:** Жеткізуші қауіпсіз әзірлеу өмірлік циклын (secure SDLC) қолдануға, тұрақты түрде ену тесттерін және осалдықтарға сканерлеуді жүргізуге, сондай-ақ анықталған тәуекелдерді уақтылы жоюға міндетті.
- **Субмердігер:** Жеткізуші тартылған барлық субмердігерлердің ақпараттық қауіпсіздік пен құпиялылық бойынша осы Кодекске баламалы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге тиіс. Оларға МТ-S ақпараты тек қажеттілік қағидасы бойынша және бақылау жағдайында берілуі мүмкін.
- **Локализация және трансшекаралық беру** (жеке деректер шарт бойынша өңделген жағдайда ғана): Жеткізуші «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңының деректерді ҚР аумағында сақтау және өңдеу жөніндегі талаптарын орындауға міндетті. Жеке деректерді шетелге беру тек: МТ-S-тің жазбаша келісімімен, заңды негіз болғанда, белгіленген кепілдіктерді сақтай отырып рұқсат етіледі.

10. Жауапты сатып алулар

Жеткізушілер материалдар көздерін таңдауда жауапты және ашық тәсілді қамтамасыз етуге тиіс.

- **Қақтығысты минералдар:** Қарулы қақтығыстарды қаржыландыруда пайдаланылатын қалайы, вольфрам, тантал, кобальт және алтынды қолданудан аулақ болу қажет. ОЭСР-дің кешенді тексеру жөніндегі ұсынымдарын сақтау керек.
- **Прослеживаемость:** Маңызды шикізат бойынша жеткізу тізбегінің ашықтығын және қадағалануын қамтамасыз ету.
- **Жергілікті үлес:** Мүмкін болған жағдайда Қазақстан экономикасын қолдау мақсатында отандық жеткізушілерді, шағын және орта бизнес субъектілерін, сондай-ақ жергілікті жұмыс күшін тарту.
- **Жеткізушілердің әртүрлілігі:** Қажет болған және заңды тұрғыдан рұқсат етілген жағдайда әйелдерге тиесілі кәсіпорындармен, сондай-ақ басқа да жеткіліксіз ұсынылған топтар өкілдерімен жұмыс істеуді ынталандыру.
- **Тұрақтылық:** Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған шараларды көрсету.

11. Субмердігер және жеткізу тізбегі үшін жауапкершілік

Жеткізушілер өз субмердігерлері үшін толық жауапкершілік көтереді.

- **Бекіту тәртібі:** Ірі субмердігер деп төмендегі критерийлердің біріне сәйкес келетін субмердігер ретінде қарастырылады: (а) Жеткізушінің міндеттемелерінің құнының/еңбектің көлемінің 50%-дан асуы; немесе (b) МТ-S деректеріне / ақпараттық жүйелеріне / объектілеріне қолжетімділікті көздеуі; немесе (c) жоғары тәуекелді жұмыстарға (HSE, санкциялық тәуекелдер, ПОД/ФТ тәуекелдері) қатысты болуы. Мұндай субмердігерлер МТ-S-тің алдын ала жазбаша түрде растауын талап етеді. Қалған барлық жағдайларда алдын ала хабарлау жеткілікті.
- **Жауапкершілікті жеткізу бойынша міндеттемелер:** Осы Кодекс субмердігерлердің назарына жеткізілуі тиіс.
- **Мониторинг:** Жеткізушілер субмердігерлердің талаптарды сақтауын бақылап, бұзушылықтар анықталған жағдайда түзету шараларын қабылдауы қажет.
- **Ірі субмердігерлер:** Тәуекелі жоғары серіктестер үшін қосымша тексеру жүргізілуі тиіс.

- **Субмердігерлердің қол қоюы:** МТ-S талабы бойынша Жеткізуші МТ-S үшін көрсетілетін қызметтерге/орындалатын жұмысқа/тауар жеткізуге тартылған әрбір субмердігерлердің осы Кодекске қол қоюын қамтамасыз етуге міндетті.
- **Қызметкерлерге жеткізу:** Жеткізуші осы Кодекстің ережелерін өз қызметкерлеріне және шартты орындауға қатысатын субмердігер қызметкерлеріне жеткізуге, қажет болған жағдайда оқытуды ұйымдастыруға және олардың танысқанын растауды қамтамасыз етуге міндетті.
- **Стандарттарды тарату және өз комплаенс жүйесін дамыту:** Жеткізушілер осы Кодекс талаптарының орындалуын тек өз субмердігерлері тарапынан ғана емес, МТ-S алдындағы міндеттемелерді орындауға тартылған барлық субжабдықтаушылар тарапынан да қамтамасыз етуге міндетті. МТ-S Жеткізушілерді осыған ұқсас қағидаттарды қамтитын өздерінің іскерлік мінез-құлық кодекстерін әзірлеуге және енгізуге, сондай-ақ іскерлік-тәжірибе тұтастығы мен бірыңғай стандарттарын сақтау мақсатында аталған нормаларды толық жеткізу тізбегі бойынша таратуға ынталандырады.

12. Мониторинг, аудит және талаптардың орындалуын бақылау

МТ-S талаптардың сақталуын бақылау және қамтамасыз ету құқығын өзінде қалдырады.

- **Аудиттер және бағалау:** Ақпараттың құпиялылығын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, алдын ала негізді хабарлама арқылы (айтарлықтай бұзушылықтарға күдік болған жағдайлардан басқа) объектіге барып немесе қашықтан аудит жүргізілуі мүмкін.
- **Түзету шараларының жоспарлары:** Аудит нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер аудит белгілеген мерзімдерде міндетті түрде жойылуға тиіс.
- **Тиімділікті бағалау:** Жеткізушіні бағалау критерийлері оның талаптарды сақтау деңгейін, сапаны, сондай-ақ еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (HSE) көрсеткіштерін ескеруі мүмкін.
- **Құқық қолдану:** Талаптарды бұзудың салдары ескерту мен түзету шараларынан бастап, қызметті уақытша тоқтату, қара тізімге енгізу немесе келісімшартты бұзуға дейін өзгеруі мүмкін. Аса ауыр бұзушылықтар (мысалы, балалар еңбегі, сыбайлас жемқорлық) келісімшартты бірден тоқтатуға әкелуі мүмкін.
- **Бұзушылық кезіндегі шаралар:** Осы Кодекс талаптарын бұзу анықталған жағдайда МТ-S бұзушылықтың сипаты мен ауырлығын ескере отырып, төмендегі шаралардың бірін немесе бірнешеуін қолдануға құқылы:
 - **Ескерту және жазбаша түсініктеме сұрату.**
 - **Түзету әрекеттерінің жоспарын (CAP - Corrective Action Plan) мерзімдері мен бақылау нүктелерін айқындап енгізу.**
 - CAP нәтижелері бойынша **қайта аудит/қайта бағалау** жүргізу.
 - МТ-S сатып алу рәсімдеріне қатысу құқығын **уақытша шектеу.**
 - Жеткізушілер тізімінен **белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз шығару.**
 - Бұзушылық Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына (оның ішінде еңбек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, экологиялық, жеке дербес деректер туралы заңдар және өзге де талаптар) қатысты болған жағдайда, **құзыретті мемлекеттік органдарға хабарлау.**
 - **Құқық бұзушылық фактісін жариялау** - заңда немесе МТ-S корпоративтік саясатында тікелей көзделген жағдайларда.
- **Сай келу қағидаты:** Қолданылатын шаралар бұзушылықтың қауіпсіздікке, адам құқықтарына, қоршаған ортаға, деректердің тұтастығына, беделге, қызметтердің үздіксіздігіне тигізетін әсерін ескере отырып айқындалады. **Аса ауыр бұзушылықтар** (балалар/мәжбүрлі еңбек, сыбайлас жемқорлық, ақпараттық қауіпсіздік/жеке деректерді әдейі бұзу) **өзара әрекеттесуді дереу тоқтатуға** және құзыретті органдарға хабарлауға себеп болуы мүмкін.

13. Бұзушылықтар туралы хабарлау және ақпараттандыру (whistleblowing)

Жеткізушілер қызметкерлерге және мүдделі тараптарға бұзушылықтар туралы хабарлау үшін қауіпсіз және сенімді арналарды қамтамасыз етуге міндетті.

- **Хабарлау арналары:** қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді анонимді «жедел желілер», қорғалған электрондық пошта мекенжайлары, сондай-ақ бұзушылықтар туралы хабарламаларға арналған үшінші тарап платформалары.
- **Қудалауға жол бермеу:** ақпарат берушілер қудалаудан және кемсіту әрекеттерінен қорғалуы тиіс.
- **Ынтымақтастық міндеттемесі:** жеткізушілер хабарламаларды тексеру барысында МТ-S-пен ынтымақтастық жасауға міндетті.
- **Оқыту:** қызметкерлер бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктеріне және этикалық міндеттемелерге оқытылуы тиіс.

14. Үздіксіз жетілдіру

Жеткізушілерге талаптарға тек формалды сәйкестікпен шектелмей, одан әрі дамуға ұмтылу ұсынылады.

- **Көрсеткіштер және есептілік:** МТ-S жария есептілікті талап етпейді; МТ-S сұратқан жағдайда Жеткізуші шартқа қатысты қысқаша ақпаратты құпия түрде ұсынады (HSE-оқиғалары, KPI/SLA орындалуы және ауытқулар бойынша шаралар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар; ПОД/ФТ - тек төлем/қаржы сервистеріне қатысты келісімшарттар үшін). Ақпарат еркін нысанда немесе МТ-S үлгісі бойынша беріледі, жылына бір реттен жиі емес, не жобаның аяқталуы бойынша. Егер қандай да бір көрсеткіш қолданылмаса - N/A белгісі қойылып, қысқаша түсініктеме берілуі мүмкін.
- **Серіктестік:** Инновациялар, цифрлық инклюзия және декарбонизация жобалары бойынша МТ-S-пен ынтымақтастық орнату.
- **Әртүрлілік және инклюзивтік:** Әйелдер мен өзге де жеткіліксіз ұсынылған топтардың үлесіне қатысты өлшенетін мақсаттар белгілеу (заңмен рұқсат етілген және тексеруге болатын жағдайларда).
- **Жеткізушілерді дамыту:** МТ-S ұйымдастыратын оқыту бағдарламаларына, әлеуетті арттыру тренингтеріне және білім алмасу шараларына қатысу.

15. Мүдделер қақтығысы

Жеткізушілер МТ-S мүддесін басым қоюға және іскерлік шешімдер қабылдау кезінде олардың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне күмән тудыруы мүмкін кез келген жеке, кәсіби немесе қаржылық жағдайларға жол бермеуге міндетті.

Мүдделер қақтығысы Жеткізуші қызметкерінің, оның отбасы мүшесінің немесе онымен байланысты тұлғаның жеке, отбасылық немесе қаржылық мүддесі Жеткізушінің МТ-S-пен өзара қарым-қатынасындағы әділдігіне, объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне күмән тудыратын - немесе ондай әсер қалыптастыратын - кез келген жағдайда туындайды. Мұндай жағдай Жеткізушіге артықшылық, әділетсіз бәсекелестік артықшылық немесе іскерлік шешімдерге заңсыз ықпал ету нысанындағы салдарға әкелуі мүмкін. Жеткізушілер нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысының кез келген жағдайын жазбаша түрде дереу МТ-S-тің Сатып алу қызметіне, Ішкі аудит қызметіне немесе Қауіпсіздік қызметіне ашып көрсетуге міндетті. МТ-S тиісті бағалау жүргізіп, оны реттеу шараларын айқындайды. Мұндай шараларға белгілі бір қызмет түрлерінен шеттетуге немесе іскерлік қатынастарды тоқтату кіруі мүмкін. Мүдделер қақтығысын жасырған немесе тиісті түрде шешпеген жағдайлар тәртіптік немесе шарттық салдарға, оның ішінде ынтымақтастықты тоқтату немесе уақытша тоқтата тұруға әкелуі мүмкін.

16. БАҚ-та өкілдік ету және сұрау салулар протоколы

Үшінші тұлғаларға МТ-S компаниясының ресми өкілдері ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге МТ-S-тің тікелей жазбаша рұқсатынсыз жол берілмейді. МТ-S-ке қатысты кез келген БАҚ сұраулары дереу МТ-S-тің тиісті бөлімшесіне жолдануы тиіс, жауапты сол бөлімше береді.

17. Әлеуметтік желілердегі мінез-құлық

Үшінші тұлғалар әлеуметтік желілерді пайдалану МТ-S беделіне нұқсан келтірмеуі үшін ішкі рәсімдер енгізуге міндетті. Бұл рәсімдер, кемінде, келесілерді қамтуы тиіс:

- МТ-S-ке қатысты кез келген материалды әлеуметтік желілерге жарияламас бұрын алдын ала жазбаша рұқсат алу.
- Осы Кодекстің және “Мобайл Телеком-Сервис” ЖШС-нің Іскерлік этика кодексінің талаптарын бұзатын, сондай-ақ қызметкерлерге, акционерлерге, клиенттерге, жеткізушілерге немесе бәсекелестерге қатысты қорлайтын мазмұндағы контентті жариялауға тыйым салу.

18. МТ-S атауын немесе брендин пайдалануы

Үшінші тұлғаларға МТ-S атауын немесе МТ-S-ті қандай да бір маркетингтік, жарнамалық материалдарда немесе веб-сайттарда алдын ала жазбаша рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынады. Бұл шектеу төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей қолданылады:

- МТ-S атынан рұқсатсыз қандай да бір іскерлік міндеттемелер қабылдау.
- МТ-S жобаларына, операцияларына немесе МТ-S клиенттеріне қатысты фото- немесе бейнематериалдарды алдын ала жазбаша рұқсатсыз пайдалану.
- МТ-S логотипін, тауар таңбаларын немесе корпоративтік графикалық элементтерін кез келген түрде алдын ала келісімсіз қолдану.

19. Растау және қабылдау

Жеткізушілер осы Кодексті мойындауға, қол қоюға және оның талаптарын сақтауға міндетті.

➤ **Міндетті күш:** Кодекстің талаптарын орындау – шарттық міндеттемелердің бір бөлігі.

➤ **Аудиттер және бұзушылықтарды жою шаралары:** Талаптарды сақтамау - оларды түзету қажеттілігіне немесе шартты бұзуға алып келуі мүмкін. Жеткізушілердің мінез-құлық кодексінің бұзғаны үшін, оның ішінде мүдделер қақтығысын жарияламау (немесе дұрыс жарияламау), «пара» беру немесе алу, Жеткізуші тарапынан өзге де адал емес әрекеттер жағдайында, сондай-ақ осындай фактілер анықталған кезде, МТ-S шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

➤ **Міндеттемелер:** Қол қою арқылы Жеткізушілер осы Кодексті өз қызметкерлеріне және субмердігерлеріне жеткізетінін растайды. Жеткізушілер осы Кодекстің қосымшалары бар екенін және онда қосымша ұсынымдар мен күтулер қамтылғанын мойындайды. Негізгі Кодекс (1-18-бөлімдер) міндетті талаптарды белгілегенімен, үздіксіз жетілдіру аясында Жеткізушілерге қосымшалармен танысу және сол қосымша стандарттарды да қабылдау ұсынылады.

Қол қою және қосылу: Жеткізуші осы Кодекске электрондық сауда алаңында (ЭТП) / электрондық дүкенде (ЭМ) немесе электрондық пошта арқылы сатып алуға қатысуға өтінім беру арқылы қосылады. Өтінім беру Жеткізушінің Кодекспен танысқанын және оның талаптарын шартсыз қабылдағанын білдіреді. Кодекске сілтеме тендер қатысушысының Нұсқаулығында және тиісті рәсімнің бетінде / хабарламасында көрсетіледі. Қосылу күні – өтінім берілген күн болып есептеледі.

Өзгерістер және хабарламалар: МТ-S осы Кодекске заңнамадағы және/немесе корпоративтік стандарттардағы өзгерістерді көрсету мақсатында түзетулер енгізуге құқылы. Жаңартылған нұсқа МТ-S айқындаған тәртіппен корпоративтік сайттарда жарияланады және/немесе шартта келісілген байланыс арналары арқылы Жеткізушіге жіберіледі. Егер өзгерістер Жеткізушінің міндеттеріне

елеулі әсер етсе, МТ-S өзгерістер күшіне енетін күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Жеткізушіні хабардар етеді. Көрсетілген күннен кейін шартты орындауды жалғастыру Жеткізушінің жаңартылған нұсқамен келісімін білдіреді. Жеткізушінің сұрауы бойынша, егер оны заңнама немесе Жеткізушінің ішкі рәсімдері талап етсе, тараптар тиісті өзгерістерді қосымша келісім арқылы рәсімдей алады.

Салдарларды қабылдау. Осы Кодекске қосыла отырып, Жеткізуші 12-бөлімдегі талаптарды сақтауға және олар бұзылған жағдайда онда көзделген шараларды қабылдауға дайын екенін растайды.

Қосымша А – Жеткізушілерге арналған қосымша стандарттар

Осы Қосымша МТ-S жеткізушілердің іс-әрекет кодексін (1–14-бөлімдер) толықтырады. Талаптардың бәрі міндетті құқықтық сипатқа ие болмауы мүмкін, алайда олар МТ-S-тің телеком саласындағы халықаралық жетекші компаниялардың үздік тәжірибелеріне сәйкестік тұрғысындағы күтулерін көрсетеді. Жеткізушілерге бұл стандарттарды толық көлемде енгізу қатаң түрде ұсынылады.

20. Адал маркетинг және жауапты коммуникация

- Барлық маркетингтік материалдардың, таңбалаудың және коммуникацияның мазмұны нақты, адастырмайтын және Қазақстан Республикасындағы іскерлік коммуникация нормаларына сәйкес болуы тиіс: қазақ және/немесе орыс тілдерін пайдалану, бейтарап стиль сақтау, кемсіту сипатындағы формулировкалар мен салыстыруларды болдырмау.
- Өнімдер мен қызметтердің өнімділігін немесе мүмкіндіктерін асыра көрсетуден аулақ болыңыз.
- Тұтынушылардың ашық және түсінікті ақпарат алуға құқықтарын құрметтеңіз.

21. Цифрлық инклюзивтік және қолжетімділік

- Соңғы пайдаланушыларға (абоненттерге/клиенттерге) арналған өнімдер мен қызметтер барлық пайдаланушылар үшін, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін инклюзивті және қолжетімді болуы тиіс.
- Цифрлық теңсіздікті азайту мақсатында цифрлық сауаттылықты және цифрлық қолжетімділікті арттыруға жәрдемдесіңіз.
- Төмен табысты немесе ауылдық қауымдастықтардың қосылу мүмкіндіктерін кеңейтетін бастамаларға қатысыңыз.

22. Адам құқықтарының сақталуын тексеру

- Қауіп деңгейі жоғары өңірлер немесе қызмет түрлері үшін адам құқықтарының сақталуын бағалау (HRIA) бойынша тұрақты тексерулер жүргізіңіз.
- Жеткізу тізбегіндегі операцияларға байланысты адам құқықтары саласындағы ықтимал тәуекелдерді анықтаңыз, алдын алыңыз және азайтыңыз.
- Адам құқықтары жөніндегі міндеттемелер мен алға жылжу туралы ақпаратты жария түрде хабарлап отырыңыз.

23. Жеткізу тізбегіндегі тәуекелдерді басқару

- Тек тікелей контрагенттерді ғана емес, сондай-ақ кейінгі жеткізу буындарын да қамтитын жеткізу тізбегін картаға түсіріңіз; бұл географиялық, өнімдік және салалық тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік береді.
- Жоғары тәуекел санатындағы жеткізушілерге қатысты күшейтілген тексеруді қолданыңыз. Жоғары тәуекел санаттары - бұл сатып алынатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер, олардың сипаттары немесе шарттары бойынша санкциялық/ПОД–ФТ, HSE, ақпараттық немесе өзге де тәуекелдер жоғары болатын бағыттар. Мысалдар: шикізат пен критикалық материалдар; байланыс объектілеріндегі, электрқондырғыларындағы немесе қауіпті материалдармен жүргізілетін

жұмыстар; персоналды аутсорсингке тартатын еңбек сыйымды салалар; МТ-S деректеріне/ақпараттық жүйелеріне қолжеткізу ұсынылатын қызметтер; ұзын және көп деңгейлі жеткізу тізбектері.

➤ МТ-S сұратқан жағдайда тәуекелдерге жүргізілген бағалауды және оларды азайту стратегияларын бөлісіңіз.

24. Қаржылық тұтастық және ашықтық

➤ Салықтан агрессивті түрде жалтаруға, трансферттік баға белгілеуді теріс пайдалануға немесе заңсыз қаржы ағымдарына жол бермеңіз.

➤ Бенефициарлық меншік құрылымдары туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етіңіз.

➤ Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы халықаралық стандарттарды сақтаңыз.

25. Қауымдастықтармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік

➤ Қызмет жүргізілетін аумақтардағы жергілікті қауымдастықтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеңіз; қажеттілік туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес (оның ішінде Экологиялық кодекстегі ОВОС талаптарына сай) қоғамдық тыңдаулар мен консультациялар өткізіңіз. Коммуникация қазақ және орыс тілдерінде, ал шетелдік/ағылшын тілді контрагенттермен жұмыс барысында - қосымша ағылшын тілінде жүргізілуі тиіс.

➤ Тарихи-мәдени мұра объектілеріне және қасиетті орындарға теріс ықпал етуге жол бермеңіз; мұндай объектілерге әсер етуі мүмкін жұмыстарды уәкілетті органдармен (әкімдіктер/мәдениет органы) келісіңіз, қажет болған жағдайда сараптамалар жүргізіңіз.

➤ Қауымдастықтарды дамыту бастамаларын қолдаңыз, әсіресе білім беру, кәсіптік оқыту, цифрлық сауаттылық және жұмыспен қамту салаларында (жастарды және ауылдық/қашық өңірлердің тұрғындарын қоса алғанда). Мүмкіндігінше жергілікті жеткізушілер мен ҮЕҰ-ларды тартыңыз.

26. Технологиялар және инновациялар саласындағы ынтымақтастық

➤ МТ-S-пен инновациялар, технологиялар және тұрақты даму саласында ынтымақтастық орнатыңыз (мысалы, базалық станцияларда жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, айналмалы экономика бастамалары).

➤ Тұрақты өнімдік инновациялар жасау жөніндегі жоспарлармен бөлісіңіз.

➤ Қоршаған ортаға әсерді азайтатын немесе инклюзивтілікті арттыратын пилоттық жобаларға бірлесіп инвестиция салу мүмкіндігін қарастырыңыз.

27. Дағдарыстарға әрекет ету және тұрақтылық

➤ Бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету және дағдарыс жағдайларына әрекет ету бойынша сенімді жоспарларды қолдаңыз. Оларға мыналар кіруі тиіс:

- табиғи апаттар;
- пандемиялар;
- кибершабуылдар;
- жеткізу тізбегіндегі іркілістер.

- Төтенше жағдайларда маңызды телекоммуникациялық қызметтерді үздіксіз көрсету қабілеттілігін көрсетіңіз.

28. Қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасына қарсы мәлімдеме

- Қазіргі заманғы құлдықтың және адам саудасының кез келген түріне нөлдік толеранттылық қағидатын айқын бекітіңіз.
- Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтаңыз, оның ішінде: ҚР Конституциясы, ҚР Еңбек кодексі, Қазақстан ратификациялаған ХЕҰ Конвенциялары № 29 және № 105, сондай-ақ Ұлыбританияның Қазіргі заманғы құлдық туралы заңы мен Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы, олар мәжбүрлі және Балалар еңбегін қолдануға тыйым салады.
- Өндірістік қызметте және жеткізу тізбектерінде құлдық тәуекелдерін анықтау және жою бойынша қолданылған шараларды егжей-тегжейлі сипаттайтын жыл сайынғы есептер жариялаңыз.

29. Хабарлау (whistleblowing) аясынан тыс шағымдарды қарау тетіктері

- Сыртқы мүдделі тараптар, соның ішінде зардап шеккен қауымдастықтар шағым бере алатындай қолжетімді арналар құрыңыз.
- Шағымдарды қарау тетіктерінің Бизнес пен адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Басшылық қағидаттарына (UNGPs) сәйкестігін қамтамасыз етіңіз.
- Теріс ықпал анықталған жағдайда құқықтық қорғау құралдарын ұсыныңыз.

30. Есептілікке қатысты көрсеткіштер мен күтілімдер

MT-S жыл сайынғы ESG-есептілікті талап етпейді. Тек сұратылған жағдайда және тек тиісті (релевантты) шарттар үшін Жеткізуші қосымша ақылы есепсіз, қалыпты құжат айналымы шеңберінде қалыптасатын қысқаша ақпарат ұсынады:

- **HSE және сапа:** MT-S үшін орындалатын жұмыстар бойынша HSE-инциденттердің болуы; KPI/SLA орындалуы және ауытқулар кезінде қабылданған шаралар.
- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар:** базалық тетіктердің бар болуы (саясат/оқыту, бұзушылықтар туралы хабарлау арнасы).
- **Экология және қалдықтарды басқару:** Қазақстан Республикасының қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі заңнамасының сақталуын растау, оның ішінде: қауіпсіз жинау, сақтау, лицензияланған операторларға тапсыру, құжаттандыру (актілер/шарттар); бұл батареялар мен аккумуляторларға, люминесцентті шамдарға, электрондық қалдықтарға, пайдаланылған майлар/отындарға және басқа да қалдықтарға қолданылады. Формат және мерзім: еркін нысан немесе MT-S шаблонуы; жылына 1 реттен жиі емес немесе жобаның аяқталуы бойынша; егер деректер болмаса, N/A белгісін қойып, қысқаша түсіндірме беруге болады.

31. Оқыту және хабардарлық

- Қызметкерлерге төмендегі бағыттар бойынша міндетті оқытуды қамтамасыз етіңіз: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және этика; адам құқықтары және еңбек стандарттары; денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған орта (HSE); деректердің құпиялылығы және киберқауіпсіздік.
- Қайта оқытуды кемінде екі жылда бір рет өткізіңіз.
- Оқыту бойынша есеп жүргізіңіз және MT-S сұратқан жағдайда дәлелдемелерді (құжаттар/жазбалар) ұсыныңыз.

32. Қорытынды ереже

Осы Қосымша МТ-S-тің күшейтілген күтілімдерін және телеком саласындағы жеткізу тізбегін басқарудың үздік халықаралық тәжірибесін көрсетеді. Аталған стандарттарды толық енгізген Жеткізушілер болашақтағы бизнес-мүмкіндіктер үшін басым серіктестер ретінде қаралатын болады.

Қосымша В – Жеткізуші сауалнамасы және контрагенттің адалдығын тексеру

(заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін)

Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңдарды сақтау, сондай-ақ транспаренттік пен этикалық іскерлік қатынастар қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында, осы сауалнаманы толтырып, дұрыс және шынайы мәліметтерді ұсынуыңызды сұраймыз.

А бөлімі. Жалпы мәліметтер

№	Атауы	Ұйым туралы мәліметтер
1	Толық атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны	
2	Заңды, нақты және пошталық мекенжайлары, телефон, e-mail, сайт	
3	БСН (заңды тұлғалар үшін) / ЖСН(ЖК үшін) / шетелдік ұйымның коды (резидент емес үшін)	
4	Мемлекеттік тіркеудің күні мен нөмірі, тіркеуші органның атауы	
5	Негізгі қызмет түрі	
6	Бар лицензиялар мен рұқсаттар (қызмет түрі, күні, кім берген, қолданылу мерзімі)	
7	Басшының Т.А.Ә. (ЖСН, паспорт мәліметтері, азаматтығы, байланыс деректер)	
8	Бас бухгалтердің Т.А.Ә.	
9	Ұйым атынан өкілдік етуге және қол қоюға уәкілетті тұлғалар	
10	Қызмет көрсететін банк және есеп айырысу шотының нөмірі	
11	Салық салу тәртібі (Жалпыға бірдей белгіленген режим немесе Арнаулы салық режимі (АСР))	<input type="checkbox"/> Жалпы <input type="checkbox"/> АСР
12	ҚҚС төлеуші болып табыласыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

В бөлімі. Меншік құрылымы және корпоративтік басқару

№	Атауы	Ұйым туралы мәліметтер
11	Акционерлер / құрылтайшылар / түпкі бенефициарлар (Т.А.Ә., үлестері, тіркеу елі)	
12	Басшы, Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесінің және Бақылау кеңесінің мүшелері	
13	Еншілес компаниялар, филиалдар, өкілдіктер (атауы, мекенжайы, қызмет түрі)	

С бөлімі. Комплеанс және құқықтық тәуекелдер туралы ақпарат

№	Сұрақ	Жауап
14	Компания немесе оның лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, салықтан жалтару және т.б бойынша тергеуде ме?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ (толық ақпарат көрсетілсін)
15	«МТ-С» ЖШС-пен жұмыс үшін субмердігерлерді /делдаларды тарту жоспарлана ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ (кім және қандай рөл - көрсету)
16	«МТ-С» ЖШС қызметкерлерінің сіздің компаниямен аффилиирленуі туралы мәліметтер белгілі ме?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
17	Активтердің 25% - нан асатын салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
18	Ликвидация немесе банкроттық рәсімдері іске қосылған ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
19	Заңнама бұзылғаны үшін қызметті тоқтата тұру шаралары қолданылды ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
20	Компания қызметіне әсер етуі мүмкін сот даулары бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
21	Компания адал емес жеткізушілер/банкроттар тізіміне енгізілген бе?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
22	Компания немесе оның құрылтайшылары терроризмді/экстремизмді қаржыландырумен байланысы бар тұлғалар тізіміне енгізілгені туралы мәліметтер бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
23	Компания жеңілдетілген салық салу юрисдикцияларында тіркелген бе?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
24	«МТ-С» ЖШН қызметкерлерімен немесе олардың туыстарымен аффилиирленген байланыстар бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

№	Сұрақ	Жауап
25	Компания немесе оның басшылығы саяси тұрғыдан маңызды тұлғаларға (PEP) жата ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
26	Компания АҚШ, ЕО, Ұлыбритания немесе өзге елдердің санкцияларының астында ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

D бөлімі. Этикалық стандарттар және іскерлік тәжірибе

№	Сұрақ	Жауап
27	Компанияда сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы ішкі саясат бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
28	Қызметкерлер этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытыла ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
29	Мүдделер қақтығысын декларациялау рәсімі бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
30	Шағымдар немесе өтініштер беру тетігі (жедел желі, электрондық форма және т.б) бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

E бөлімі. Еңбек, еңбекті қорғау және қауіпсіздік

№	Сұрақ	Жауап
31	ҚР Еңбек кодексінің талаптары (жұмыскерлерді жалдау, еңбек жағдайлары, еңбекақы төлеу бөлігінде) сақтала ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
32	Мәжбүрлі еңбек пен қызметкерлердің құжаттарын ұстап қалуға тыйым салынған ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
33	Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша ішкі рәсімдер мен нұсқаулықтар бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
34	Қызметкерлерге жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ/СИЗ) беріле ме және қауіпсізді бойынша нұсқама өткізіле ме?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
35	Өндірістегі жазатайым оқиғалар есепке алына ма және тергеу жүргізіле ме?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

F бөлімі. Сапа, деректерді қорғау және ішкі рәсімдер

№	Сұрақ	Жауап
36	Өнімдер/қызметтер сапасын қамтамасыз ету бойынша ішкі рәсімдер бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

№	Сұрақ	Жауап
37	ҚР «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптары сақтала ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
38	Деректерді қорғау және ақпараттық/қауіпсіздік бойынша ішкі саясаттар мен рәсімдер бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
39	Оқиғаларға/деректердің жария болып кетуіне әрекет ету процесі бар ма?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

Осы арқылы мен Сауалнамада көрсетілген ақпараттың толық, шынайы және дұрыс екенін растаймын. Осы Сауалнамаға қате немесе жалған мәліметтер енгізілген жағдайда жауапкершілікті қабылдаймын және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-іне Сауалнамада көрсетілген ақпаратты Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын сақтау мақсатында ұсынуға өз келісімді беремін. Ұсынылған ақпаратта өзгерістер болған жағдайда «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ін дереу хабардар етуге міндеттенемін. «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС қосымша ақпарат пен құжаттарды сұратқан жағдайда, оларды кідіріссіз ұсынуға міндеттенемін.

Бізге Жеткізушінің мінез-құлық кодексін бұзғаны үшін, соның ішінде мүдделер қақтығысын жарияламағаны (немесе дұрыс жарияламағаны), «откат» (пара) бергені немесе алғаны, Жеткізуші тарапынан өзге де адал емес әрекеттер үшін, сондай-ақ осындай фактілер анықталған жағдайда, Кодекстің 19-тармағына сәйкес МТС шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екені хабарланды.

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА, ӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ САҚТАУҒА КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, мен, _____ (Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, заңды тұлғаның атауы), осы арқылы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-іне осы Сауалнамада көрсетілген жеке деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға өз келісімді беремін. Келісім контрагенттің адалдығын тексеру, сондай-ақ жасалатын шарттардан және Қазақстан Республикасының заңнамасынан туындайтын міндеттемелерді орындау мақсатында беріледі. Осы келісім «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-імен өзара қатынастар әрекет еткен кезеңге және олар тоқтатылғаннан кейінгі үш жыл ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, жарамды болып табылады. Заң талаптары сақталған жағдайда, жеке деректерді жинау мен өңдеуге қатысты «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-іне ешқандай талаптарым жоқ.

Бірінші басшы / уәкілетті тұлға:

Лауазымы: _____

Қолы: _____ / _____ (Т.А.Ә.)

Күні: _____

Мөрі (болған жағдайда)

Сауалнама контрагентпен өзара қатынастар аяқталғаннан кейін кемінде екі жыл сақталуға тиіс.

